



METHODS OF TRAVEL AND INFORMATION TOURISM

¹Jangeldina D. I.

²Salmenova S.K.

³Kastalskaya T.P.

Email: jangeldina@yahoo.com

Received 16th September 2020,

Accepted 30th September 2020,

Online 6th October 2020

¹Candidate of Pedagogical Sciences,
Professor, Department of Management and
Tourism

Kazakh University of Technology and
Business, Nur-Sultan

²Senior Lecturer, Department of Design,
Service and Tourism

Turan-Astana University, Nur-Sultan

³Undergraduate Department of Design,
Service and Tourism

Turan-Astana University, Nur-Sultan

ABSTRACT: Tourism in the Republic of Kazakhstan is developing from year to year and expanding the range of activities. Due to this, Kazakhstan has its own tourism market with the participation of many countries around the world. The main factors influencing its further development are economic and social, which is, first of all, the excess of personal income of citizens (potential tourists) beyond the limits of basic needs.

KEYWORDS: travel, information tourism, methods, research
Kazakhstan,

INTRODUCTION

Әдістеме –педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы.

Педагогикада оқыту әдістемесі – оқушылар мен студенттерге білім беруді ғылымды оқыту әдістерінің жүйесі мен оқыту әдістемесі. Әдістеме гректің «әдіс» сөзіннен шыққан болатын яғни, «бір нәрсеге жол» деген мағынаны білдіреді. Әдістеме жалпы және жеке деп бөледі. Жалпы әдістеме көптеген ғылымдарды зерттеу үшін, негіз болып табылатын оқыту әдістері мен талаптарын қамтиды. Жеке әдістеме жалпы әдістеменің нұсқауларына негізделген нақты әдіс. Жеке әдістеме нақты ғылыммен байланысты болып келеді. Саяхаттанулық әдістеме жеке әдістеме, себебі ол бір ғана жұмыс формасы бойынша білім процесіне байланысты [1].

Экскурсияны ұйымдастырғанда ең бірінші экскурсия бағытын анықтау керек. Бағыт –бұл саяхаттанулық топтың барынша жүретін жолы және іріктеп алынған нысандарды тамашалаудың

ең жақсы жүйелігі, экскурсияға қатысушылар орналасатын ыңғайлы орындарының және аялдамалар мен автокөлік тұрақтарына арналған орындардың болуы оның құрылысының негізгі қызметін атқарады.

Экскурсияда басқада формалар мәдени-ағартушылық жұмыстың (лекция, тақырыптық кеш, конференция) сияқты өзінің ұйымдастырушылық ерекшеліктері мен әдіснамалық өткізуі бар. Оның белгілері басқа нысандармен ұқсастығын көрсетеді немесе олардың негізгі айырмашылығын атап көрсетеді.

Барлық экскурсиялар үшін жалпы негізгі белгілер бар:

1. Уақыттың ұзақтығы бір академиялық сағаттаң (45 мин) бір күнге дейін;
2. Экскурсанттардың болуы (жеке немесе топтық);
3. Экскурсияны өткізетін экскурсоводтың болуы;
4. Көрнекті қабылдау, саяхаттанулық объектерді, олардың орналасқан жерінде көрсету;
5. Алдын ала ұйымдастырылған маршрутпен бару;
6. Объектіні көрсету мен жалпы тақырыптың болуы;
7. Қатысушылардың белсенділігі.

Жоғарыда аталған жеті белгілерден кем болмауы оқиға экскурсия атауы құқығынан бірден айырылып сәйкес келмейді.


Осы жалпы белгілерден басқа, қосымша экскурсияның әр түрлі ерекшеліктері бар:

- автобустарда – автобустан міндетті түрде шығып ескерткіштерді көру;
- мұражайларда – стендтерде орналасқан материалдармен танысу;
- өндірісте – қолданыстағы объектілерді көрсету (станоктар, механизмі).

Экскурсияны түсіндіргенде, онда бағыттаушылар ауызша сөйлеудің әдеттегі формаларын қолданады (әңгіме, сипаттама, түсініктеме, пікір) .


Кез-келген әдістеме – белгілі бір жұмысты қатаң түрде орындау қабілеті. Іс жүзінде, бұл жұмыс жүргізу дағдыларының жиынтығы: жаңа экскурсияны құрастыру мен дайындау, экскурсияны ұсыну технологиялары бойынша өткізу, білімді нығайту және жақсарту [2].

Саяхаттанулық әдістеме жұмысы келесі сұрақтарға жауап береді (сурет 1):



Сурет 1. Саяхаттанулық әдістеменің сұрақтары

Өткізу әдістемесі екіге бөлінеді: сөйлеу және көрсету әдістемесі. Олар экскурсияның негізгі элементтері. Көрсету әдістемесінде «экскурсовод портфелі» пайдаланады, техникалық құралдар, бақылау және объектілерді зерттеу жүргізіледі. Көрсету әдістемесі – көлемі мен күрделілігі тұрғысынан экскурсияның ең көп бөлігі. Саяхаттанулық көрсету – бұл нысандардан көзбен көру ақпаратын алудың көпжоспарлы үрдісі, ол кезде экскурсияларға қатысушылардың іс әрекеті белгілі бір жүйелілікте, нақты мақсатпен жүргізілетін үрдіс. Сөйлеу әдістемесі – техниканың аз бөлігі, бірінші бөлімге бағынышты. Ал көрсету әдістемесі өзі түпнұсқа болғандықтан, сөйлеу әдістемесінен қиын. Экскурсияны көрсетудің міндеттері болады (сурет 2):



Экскурсанттарға қарама-қарсы тұрған объектілерді көрсету
Бұрын жойылған объектілерді көрсету
Болып өткен тарихи объектілерді көрсету
Адамдардың сол жердегі жасаған жұмыстарын көрсету
Объекті оқиғадағы кейпінде көрсету

Сурет 2. Көрсетудің міндеттері

Көрсету кезінде, объект орындарын дұрыс таңдау қажет, уақыты тиімді болуы қажет, экскурсия жүргізушісінің дағдылары болуы тиіс, экскурсияға қатысушылар нысандарды бақылауға дайын болуы керек деген сияқты негізгі талаптар қойылады. Экскурсия жүргізушісі сөйлеу кезінде 2 міндетті атқаруы керек:

- көрген нәрсені толықтырып, түсініктемесін айту;
- экскурсанттардың объектілер бойынша визуалды түсінігін қалыптастыру [3].

Экскурсия кезінде ауызша сөйлеу ауызша арқылы көзбен көрген әсерді бағалап, қорытынды жасауға болады, сөйлеу мәтіні жүйелі түрде алдымен дайындалады. Сөзбен жеткізуге экскурсияның тақырыбы, нақты болуы, байланыс болуы, мәтінің қысқалығы, сендіре алуы, түсінікті және ғылыми сияқты талаптар қояды. Экскурсанттар ойы түрлі болуы мүмкін, сондықтан экскурсовод оған дайын болуы керек. Экскурсовод келушілерге салмақты жауап беріп, арнаулы термин мен әдістемені қолдануы керек. Экскурсияда сөйлеудің екі формасы қолданылады:

- 1) экскурсияға қатысушыларға оқиғаның қай жерде және қалай болғандығы туралы анық түрде бірден түсінік беретін сөйлеу түрінде баяндалатын әңгімелеу;
- 2) міндетті түрде экскурсияға қатысушылардың, көз алдарына кез келген оқиғаны немесе нысанды ойша елестету реконструкциялық сөйлеуді қолдану;

Саяхаттанулық әдістеменің талаптары. Әдістеме бүкіл саяхаттанулық процесіне, оның ұйымдастырылуына және мазмұнына қатаң талаптарды қамтамасыз етеді. Экскурсияны дайындау және өткізу бойынша жұмыстар барлық талаптарға сәйкес жасалуы тиіс. Экскурсияға объектілері нақты тақырыпқа байланысты таңдалуы қажет. Объектілер бір-бірінен алыс болмауы керек.

Маршрутты құрастырып салған кезде объектілердің арасында уақытты максималды үнемедеу керек. Әдістемеді көрсету және сөйлеу арасында комбинация мен араласу байланыс болуы керек. Көрсету мен сөйлеу әдістемесінде төрт тәсілі бар (сурет 3):

Әдістеменің барлық талаптары, экскурсоводқа экскурсия барысында экскурсанттарға білімді дұрыс жеткізуге көмектеседі.

I тәсілі Сөйлеу мен көрсету бір уақытта жүргізіледі. Экскурсанттар объектілер туралы жүргізіп жатқан сөйлеуді мен көрсетуді бақылайды

II тәсілі Тек сөйлеу ғана жүргізіледі. Тарихи оқиғаларды сипаттайды

III тәсілі Көрсету ғана жүргізіледі. Объектерді байқау мен зерттеу барысы жүргізіледі

IV тәсілі Сөйлеу мен көрсету жоқ. Экскурсанттар өз бетімен жұмыс жасап, бақылау жүргізеді

Сурет 3. Экскурсия кезінде көрсету мен сөйлеу тәсілдері

Бұл көбінесе сөйлеу кезінде өте маңызды болып келеді, әсіресе сөйлеудің әдістемесі уақытты көп алған кезде. Экскурсанттар дәрісті тыңдағанда, дағдарыс назары болып қалуы мүмкін. Зерттеушілердің пікірінше, дағдарыс назары 14, 25, 34 минуттарында келеді. Зерттеушілердің кеңесі бойынша, ондай жағдайларда экскурсанттардың назарын басқа объектіге аудару керек немесе бір мысал ретінде өмірде болған оқиғаларды тақырыппен байланыстырып айтуы қажет. Экскурсанттардың назарлары басқа жақта болса, онда «экскурсовод портфель» ішіннен қызықты материалдарды қосымша ретінде көрсетіп бөлісуге болады, болмаса өтіп жатқан ескерткіштерді сипаттауға болады [2]. Экскурсияның негізгі – мәні мен ерекшелігін анықтайтын саяхаттанулық теория (оқыту және адамның тәрбие нысаны) болып табылады. Экскурсияның негізгі әдістерінің бірі: экскурсанттарға көруге, тыңдауға, көрнекі және ауызша ақпаратты алу мақсатында көмектесу болып табылады.

Саяхаттанулық әдістің заты – бағдарланған зерттеу, жүйелеу, тұжырымдау, тәжірибеде әдісті қолдану және оқыту құралдары көмегімен, саяхаттанулық мамандар өзінің қызметін жүзеге асырады. Туристтік экскурсия өнеркәсіптегі мамандар үшін, саяхаттанулық теория – бұл саяхаттанулық қызметтің негізі болып табылатын теориялық ережелердің жалпы саны, оның дамуының және жетілдірілуінің негізгі бағыттарын айқындайды. Саяхаттанулық теорияда экскурсия әдісімен байланысты мәселелер маңызды орын алады. Әдіс, әдіснама және техника әдісі ұғымдары өзара байланысты болып келеді. Бұл қарым-қатынасты келесі түрде көрсетеміз (сурет 4):



Сурет 4. Экскурсия әдістемелердің байланысы

Саяхаттанулық әдістемені дайындау ішіне мақсаттары мен мазмұнын анықтау кіреді. Оларды экскурсанттарға жеткізу әдістері, объектіні көрсету және сараптау кіреді [1]. Экскурсияның тақырыбы өзекті және жоспарға сәйкес болуы тиіс. Экскурсияны бастамағалы алдында, кіріспе сөз болуы керек. Кіріспе кезінде тапсырмалар, уақыт аралығы туралы және қосымша сұрақтар қарастырылады [3]. Кез келген экскурсия барысында форс мажор сияқты жағдайлар болуы мүмкін. Бұндай жағдайлар жиі кездесіп тұрады. Әрбір экскурсант немесе сізбен қызмет жасап жатқан адамның, яғни жеке тұлғаның өзінің мінез құлықтары болады. Осындай кездерде сіз барлығына дайын болып, тез арада кез келген шешімді қабылдай алуыңыз керек. Мысалы: Сіз экскурсовод ретінде 10 шет елдің туристеріне минибус жалдап, бір мұражайға апарайын деп тұрсыз. Осы туристермен бірге жолға шыққан кезде, минибустың дөңгелегі жарылып кеткеннен шетке тоқталып қалады. «Сіздің әрекеттеріңіз қандай болар еді?» сияқты сұрақ туындап қалған кезде, ойларыңызды тез реттеп дұрыс шешімдерді қабылдап, күтпеген жағдайдан шығуыңыз керек.

Қорытындыға келгенде, экскурсия әдістемеге байланысты мәселелердің маңыздылығын, бағалау қиын. Нысандар туралы қызықты әңгіме, сондай-ақ ескерткіштерді көрсетудің әдістемелері объектілердің сақталуы үшін жағдай жасалмаса, оның мінез-құлқының барлық аспектілерін ескермейінше, қажетті нәтиже бермейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. – М.: Советский спорт, 2017. – 216 с.
2. Биржаков М. Б. Введение в туризм: Учебное пособие – СПб: Издательский дом Герда, 2004 г. – с. 37.
3. Алшымбеков С. Қ. Экскурсиятану негіздері: оқу құралы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2019. - 143 б.